

Бекітемін  Қ.О.
ТӨРБЕ
Оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі
проректор міндетін атқарушы
Базартай Ж.Н.



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің білім алушылары арасында
ұйымдастырылатын «**First Step**» бизнес жобалар
сайысының
Ережесі

2019 жыл

ЕРЕЖЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің “Business-START” инновациялық жобаларды жүзеге асыру орталығы университет білім алушылары арасында «First Step» атты бизнес жобалар сайысын өткізеді.

I. Сайыстың мақсаты:

- Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жаңа идеяларды генерациялау дайындығын қалыптастыру үшін білім алушылардың кәсіпкерлік бизнес дағдыларын дамыту;
- Университет білім алушыларының бизнеске деген құштарлығын ашу;

II. Сайыстың міндеті:

- кәсіпкерлік саласына білім алушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдылары мен біліктілігін дамыту;
- білім алушылардың тұлғалық әлеуетін ашуға, өзін-өзі дамытуға және кәсіби өзін-өзі табуға жағдай жасау.

III. Бизнес-жобалардың тақырыптары:

Ақшалай табыс табуға болатын кез-келген идея/жоба

IV. Ұйымдастырушылық комитет:

Сайыстың жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамсыздандырылуын «“Business-START” инновациялық жобаларды жүзеге асыру орталығы» мен «Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды үйлестіру бөлімі» жүзеге асырады.

V. Сайыс қатысушылары:

Бизнес-жобалар сайысына қатысуға Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің бакалавр және магистратура білім алушылары қатыса алады.

Қатысушылардың саны: ерікті түрде қатысуға ниет білдірген білім алушылар. Бір жобаға 1-3 білім алушыдан құрылған топ қатыса алады.

VI. Жобалардың мазмұнына қойылатын талаптар:

- қаржылай шығындар сомасы 3 000 000 теңгеден аспау кажет;
- SMART жүйесіне сай болуы:
 - Specific – арнайы, нақты;
 - Measurable – өлшеуге болатын, шектеулі талап етушілік;
 - Attainable – қолжетімділік;
 - Realistic – шындыққа сай, қысқа да нұсқа берілуі;
 - Timed – белгілі бір уақыт арлығымен шектелген деген ұғымдарды білдіреді;

- инновациялық модельдер қошталады.

VII. Бизнес-жобаларының өңірлік сайысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

Сайыстың жұмыс тілдері – қазақ, ағылшын және орыс тілдері.

Байқау туралы ақпараттар мен **тренинг** өткізілетін күн – 20 ақпан 2019 жыл, сағат 17:00 (Студенттер сарайы)

Сайыстың кезеңдері:

1-кезең: Факультет аралық (25-28 ақпан 2019 жыл)

2-кезең: Финал (1 наурыз 2019 жыл)

Презентацияның рәсімделуіне қойылатын талаптар:

Жұмыстар әрбір презентацияға бағдарламасымен қорғалуға тиесілі (қатысушы таңдауымен), қорғау тәсілі -питч-презентация, ұзақтығы: 4 минут.

Презентация құрамы:

- титулды бет (жоба туралы кесінді ақпарат),
- жоба мәселесі (жобаның қандай мәселелерге қарсы тұратыны),
- мәселенің шешімі (қатысушының жобасымен ұсынылатын шешім),
- жұмыс технологиясы,
- маркетингтік зерттеме,
- қаржылық зерттеме.

VIII. Жеңімпаздарды марапаттау:

Қатысушылар дипломдармен, алғыс хаттармен және сертификаттармен марапатталады.

Сайыс жеңімпаздары ақшалай жүлдемен марапатталады.

1 орын : 50 000 теңге

2 орын : 30 000 теңге

3 орын : 20 000 теңге

Қосымша ақпарат алу үшін:

Whatsapp & телефон: 8 702 922 4458

Instagram: @orazmakhanov

E-mail: zh.orazmakhanov@gmail.com

Тәрбие және мәдени-көпшілік
жұмыстарды үйлестіру бөлім
басшысы

Н.К. Аймаханова

«Бизнес-Start» инновациялық
жобаларды жүзеге асыру
орталығының жетекшісі

Ж.Ш. Оразмаханов